

## Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың еңбек және кәсіби қызметін реттеу мәселелерінде Атырау облысында эксперимент жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1330

Орталық атқарушы органдар басқармаларының кейбір функцияларын орталықсыздандыру туралы талаптарды басшылыққа ала отырып және жергілікті атқарушы органдардың мүмкіндіктерін зерделеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жұмыс берушілерге 1999 жылғы 1 қыркүйектен 2000 жылғы 31 желтоқсанға дейін Атырау облысына шетел жұмыс күшін тартуға эксперимент тәртібімен рұқсат беру Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Атырау облысындағы зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі өкілдігіне тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

Атырау облысындағы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі өкілдігінің санын эксперимент кезеңінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі облыстық өкілдігінің саны лимиті шегінде бір бірлікке өсірсін;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Атырау облысы бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі өкілдігінің маманын жұмыс берушілерге шетел жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі жұмыстарды орындау үшін - Атырау облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына іссапармен жіберсін;

Атырау облысының әкімімен келісім бойынша Атырау облысына шетел жұмыс күшін тартуға жұмыс берушілерге рұқсат берудің ережелерін әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Атырау облысының әкімімен бірлесіп осы қаулының орындалуы туралы 2001 жылдың 1 ақпанында баяндасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ